



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

2022 жылдың наурыз айындағы ҚР аймақтарындағы инфляциялық үрдістер туралы

**ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің
нақты сектордың мониторингі басқармасының бастығы
Игорь Осиповтің түсіндірмесі**

2022 жыл, 18 сәуір

2022 жылғы наурызда елде **жылдық инфляция жеделдеп, 12,0%** (ақпанда – 8,7%) құрады. Аймақтарда жылдық инфляция барлық 17 өңірде жеделдеді.

Ақтөбе облысы (ақпандағы 9,0%-дан наурызда 12,9%-ға дейін) мен Шымкент қаласында (8,5%-дан 12,4%-ға дейін) бұл үрдіс анық байқалды.

Наурызда **азық-түлік** бағасының өсу қарқыны 15,4%-ға дейін (ақпанда – 10,0%) ұлғайды. Осы топтағы тауарлар бағасының ең жоғары өсімі Ақтөбе облысында (18,5%) тіркелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны да 10,9%-ға дейін (ақпанда – 8,6%) ұлғайды. Ең жоғары мән Ақмола облысында (12,4%), ең аз мән Батыс Қазақстан облысында (9,2%) тіркелді.

Ақылы қызмет бағасы наурызда 8,3%-ға өсті (ақпанда – 7,1%), бұл ретте жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары баға – Алматы облысында және Батыс Қазақстан облысында (9,4%-дан), ал біршама төмен – Ақтөбе облысында (5,9%) өсті.

Елде айлық инфляция **3,7%** болды, бұл – соңғы 5 жылда (2017-2021 жылдары: **0,6%**) наурыздағы бағаның орташа мәнінен жоғары.

Өзінің орташа тарихи нормаларына қарағанда, 2022 жылы наурызда баға барлық **17** өңірде өсті. Айлық инфляцияның айтарлықтай өсу қарқыны Шымкент қаласында (4,3%) тіркелді.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz